

теу негізінде оның түбегейлі негіздерін әзіреу арқылы ішкі нарықты қолдау және экономикалық саясатты одан ары жүзеге асыру үшін шаруашылық ету мен басқарудың жаңа, тиімді экономикалық механизмдерін әзірлеу қажеттігі туындап отыр.

Заманауи әдебиет көздеріндегі келтірілген баға түрлерін зерттей келе, төменде ауылшаруашылық нарығындағы мемлекеттік реттеу негізінде құрылатын бағаларды қарастырамыз.

1. Ұсынылатын бағалар. Егер бағалар ұсынылатын деңгейден жоғары болатын болса, ұсынылатын бағалардан артық бағалармен сатылған өнімдерден алынған пайдаға ұлғаймалы салық салынады. Асыл тұқымды малдарды, тауарлы ауылшаруашылық малдарды, ауылшаруашылық техникаларды, дақылдардың тұқымдарын сатып алудың ұсынылатын орташа сатып алу бағаларын мемлекет ұсынады немесе олар жеке және коммуналды базарларда анықталады.

2. Шекті (лимитті) бағалар. Көдендік баждар деңгейін анықтау мақсатында импорттық өнімдерге орнатылатын, ішкі және сыртқы нарықтар конъюнктурасын назарға ала отырып, ішкі нарықта қалыптасқан бағалар негізінде есептеледі. Отандық АӨК зиянын тигізетін бағалар бойынша сырттан өнімдердің келуіне зерттеулер жүргізуді қажет етпей-ақ, дер кезінде жауап қатуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

3. Болжамды бағалар. Олардың негізінде кәсіпорындардың жұмыстары жоспарланып, іскерлік жобалар мен бағдарламалар әзірленіп, индикативті мемлекеттік жоспар-болжамдар құрастыралады.

Өндірушілер жалпы өнімді жоспарласа, сатып алушылар қанша астық сатып алуды анықтайды. Мүмкін ұсыныс көлемдерін болжанған сұраныс деңгейімен салыстырып, нәтижесінде астықтың күтілетін бағасы қалыптасады. Күтілетін түсімділік туралы болжауларға сәйкес, баға да өзгерістерге ұшырап отырады. Топырақта ылғал аз болса, түсімділік төмен болады, ұсыныс қисығы солға жылжып, баға өседі, мал шаруашылығы өнімдеріне бағалардың төмендеуі мал басы санының төмендеуіне алып келіп, мал-азықтық дақылдарға деген сұраныс азаюы мүмкін. Бұл кезде астыққа деген сұраныс солға жылжып, бағалар төмендейді. Нарықтық бағалардың деңгейі мен динамикасына сұраныс пен ұсыныстың тұтынушылардың баға өзгерістеріне сезімталдығын өлшейтін баға икемділігі деген фактор әсер етеді [1].

4. Мемлекеттік және коммерциялық қорларға ауылшаруашылық өнімдерді сатып алуда қолданылатын бағалар. Оларды негізгі үш түрге бөлуге болады:

4.1. Мақсатты бағалар. Ауылшаруашылық тауарөндірушілерді мемлекеттік қолдау-

дың (нарыққа араласудың) оптималды көлемін есептеу үшін негіз болып табылады және олар нарықтық бағалардың орташа деңгейі негізінде анықталады. Мақсатты бағалар (нормативті индикаторлар) өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өнім бағаларының паритетті қатынасын сақтап тұру, салықтар мен басқа да төлемдерді, несиелер бойынша пайыздарды төлеумен байланысты шығындарды жабу, үлестік шығындардың нормативті деңгейінде кеңейтілген ұдайы өндіріс жүргізу үшін жеткілікті пайда табу және экономика салалары жұмыскерлерінің орташа табысы деңгейінде ауылшаруашылық жұмыскерлердің табыстарын қамтамасыз ету мақсатында анықталады.

Табиғат ерекшеліктерін ескере отырып, ауылшаруашылық өнімге анықталатын мақсатты бағалар – фьючерстік және форвардтық келісімдер кезіндегі кепіл, сондай-ақ, ауылшаруашылық өнімді өндірушілерге арналған дотациялар мен өтемақыларды, кепілдендірілген бағаларды тағайындауға негіз болып табылады [2].

Қазіргі уақытта мақсатты бағаларды қолдану ауыл шаруашылығына берілетін субсидиялар түріндегі мемлекеттік бюджет шығындарын едеуір ұлғайтуды қажет етеді. Бұл қазіргі (қолайсыз, тиімсіз) ауылшаруашылық егістік алқабына жұмсалатын шығындарды субсидиялау механизмі мен жалпы мемлекеттік қаржылық көмек тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

4.2. Мемлекет мұқтаждықтарына ауылшаруашылық тауарөндірушілерден сатып алынатын өнімдердің сатып алу бағалары. Олар мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының жекелеген өнімдерін тұтынудың өзара байланыстылығын есепке ала отырып, өнімнің түрлері мен сорттары бойынша ажыратылады. Сатып алу бағалары екі түрге ажыратылады: кепілдендірілген сатып алу бағалары және келісімді бағалар.

Ауылшаруашылық өндірістің тиімділігіне кепілдендірілген бағалардың реттеушілік ықпалы, қалыптасқан конъюнктураға қарамастан, оларды нарықтық бағалардың тербелісінен қорғай отырып, өткізу мен ауылшаруашылық тауарөндірушілердің қарапайым ұдайы өндіріс жүргізулеріне минималды табыс алуын кепілдендіреді. Ауылшаруашылық тауарөндірушілер, көп жағдайда, өз өнімдерін өткізгеннен аз табыс табады және алатын пайдаларының көлемі өте төмендігі салада қандай да бір техникалық-экономикалық модернизацияны іске асыруға мүмкіндік бермейді, еңбек өнімділігін өсірмейді [3].

Мемлекет ауылшаруашылық тауарөндірушілердің табысының берілген деңгейлеріндегі қызметтеріне қажетті мөлшердегі нарықтық бағалардан ауытқулардың орнын толтырып отыруы керек.

Сондықтан, егер орташа нарықтық бағалар ауылшаруашылық тауарөндірушілердің өндіріс шығындарынан төмен болатын болса, ауылшаруашылық өнімдерін өткізуде кепілдендірілген бағалар (нарықтық бағаларға үстемақы төлеу үшін) қолданылады.

Әлемдік тауар айналымында мемлекеттік сатып алулардың үлесі едеуір жоғары және Еуропалық комиссия деректеріне сай, жылына 1000 млрд. еуроға бағаланады. Қазақстанның ұлттық экономикасында 2014 жылы мемлекеттік сатып алулардың үлесі елдің жалпы ішкі өнімінде 24% құраған, оның ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ ұлттық компанияларына 10% тиесілі [4].

Мемлекеттің ішкі экономиканы қолдауға бөлетін қаражаттың едеуір бөлігімен жүзеге асатын мемлекеттік сатып алулардың тапсырыстар нарығы бизнес үшін аса тартымды болып келеді. Себебі, қазіргі уақытта мемлекет төлеу қабілеті жоғары тапсырыс берушілердің бірі болып табылады. ДСҰ-да мемлекеттің қажеттіліктері үшін жүзеге асатын мемлекеттік сатып алулар мәселесі үкіметтік сатып алулар туралы Келісіммен реттеледі. Ол құжат халықаралық сауданың дамуына, шетелдік жеткізушілерді кемсітуді шектеуге, ұлттық заңнаманың қолданылатын сатып алу процедураларының максималды ашықтығы мен мемлекеттік сатып алулар саласындағы бәсекеңі қамтамасыз етуге бағдарланған. Оған сәйкес, елдер барлық басқа қатысушы елдердің жеткізушілеріне отандық жеткізушілермен бірдей жағдайлар жасап, өздерінің мемлекеттік сатып алуларына қатысулары үшін тең мүмкіндік пен құқықтар беруі керек.

Қазақстанда қолдау бағалары арқылы ауылшаруашылық тауарөндірушілердің шаруашылық қызметтерін ынталандыру жұмыстары жүргізілуде. 2015 жылы ҚР Үкіметі бекіткен тізім бойынша қант өндіруге арналған қант қызылшасы және құрғақ сүт (майы алынған), сары май және қатты ірімшік өндіруге арналған сүт шикізатының кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы белгіленеді [5].

Сатып алу бағалары мемлекет тарапынан реттелетін болғанымен, бидайдың сатып алу бағасы – тіркелген (тиянақталған) болып табылады. Белгіленген бағалар бойынша астықты сатып алу жыл сайын жүзеге асады. «Азық-түлік келісім-шарт корпорация» ҰК мемлекеттің тапсырмасы бойынша елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатыса отырып, астықтың мемлекеттік ресурстарын басқаруды жүзеге асырған кезде астық ресурстарының мемлекеттік ресурстарын құрады, азық-түліктік астықтың мемлекеттік резервін жаңартады, сақтайды және оны анонимді биржалар арқылы сатады, сонымен қатар, қазақстандық астық экспортының дамуына үлес қосады. Қазақстанда

бидай мен басқа да астықтарды тауарлық биржалар арқылы да сатуға болады.

Ауылшаруашылық тауарөндірушілер жүн қырқымы, мал сою, егін жинау кезеңдерінің алдында бірнеше ай бұрын міндетті түрде жариялануға тиісті ауылшаруашылық дақылдардың түсімі, малдардың өнімділігі, нарық конъюнктурасы бойынша болжамдарды есепке ала отырып, көтерме сатып алудың кепілдендірілген бағалары туралы ақпаратқа ие болулары керек. Әйтпесе, ауылшаруашылық кәсіпорындары, шаруа (фермер) шаруашылықтары және нарықтық қызметтің басқа да қатысушылары алдағы уақытқа әрекет ету стратегиясын әзірлеп, өз өндірістерін жоспарлау үшін бағдарлы кепілдендірілген бағалар орнатуды жөн деп санаймыз. Олар келіссөздер және аграрлық өнімнің тауарөндірушілері, қайтаөңдеушілері, тауарлық биржалар, көтерме сатып алушылар, бір жағында, ал екінші жағынан, мемлекеттің өкілдері арасындағы келісімдер негізінде қалыптасуы керек.

2014 жылдағы отандық өсімдік шаруашылығы саласы бағаларының деңгейі күрделі табиғи-климаттық жағдаймен анықталған 2012 жылы ахуалына ұқсас. Дегенмен, 2012 жылда ахуал құрғақшылықпен анықталған болса, 2014 жылы жеткілікті жауын шашын болмауы пісу мерзімдерінің созылуына, нәтижесінде жалпы өнімнің 7%-ға төмендеуіне алып келді. Көкөніс өнімі және картопты өткізу бағаларының серпіні маусымдық сипатқа ие және көбінесе олардың базарларда толып тұруына байланысты.

2010 және 2011 жылдары 2009 жылмен салыстырғанда қарақұмықты жалпы жинау 56% және 39% төмен жиналғандықтан, 2011 және 2012 жылдары оның бағасы 2010 жылмен салыстырғанда жоғары болған (58% және 44%), ал 2014 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 54% арзандаған (кесте).

Сатып алу бағалары белгілі бір уақыт аралығында негізінен өзгеріске ұшырамай, кем дегенде, ауылшаруашылық тауарөндірушілердің шығындарының өтелуі мен пайда алуларын қамтамасыз етіп отырады. Дегенмен, ғылыми-техникалық прогресс кезінде еңбек өнімділігі жылдам өсіп, онымен байланысты өндіріс пен айналым шығындары қысқарып, материалдық-техникалық база жаңғыртылатындықтан, бағалардың тұрақтылығы өзгермейді деген сөз емес. Әр саладағы ғылыми-техникалық прогресс те, бір деңгейде көрініс таппайтындықтан, ауыл шаруашылығының қандайда бір өнім шығындарының қатынасы да өзгеріске ұшырап отырады. Белгілі бір кезең өткен соң, өндірістің қоғамдық шығындарында белгілі бір өзгерістер жинақталады. Бұның барлығы бағалардың икемділігін анықтайды. Ауылшаруашылық өнімнің сатып алу және мемлекеттік көтерме бағалары барлық өзгерістерге жылдам бейімделіп отырулары керек.

тамасыз етуде ғылыми негізделген сатып алу бағаларының маңызы жоғары. Орталықтан-дырылған реттелетін баға құру үдерісі өнімнің өзіндік құнының бағалардың базасы және бағалардағы таза табыстың нормасы ретінде негіздеуді анықтайды.

Аграрлық нарықта бағалар жүйесін енгізудің заманауи тәжірибесі оны жүзеге асырудың тиімді қаржылық механизмінің жоқтығы мен бюджеттік құралдардың жетіспеушілігіне ұшырап отыр. Сондықтан, ауылшаруашылық тауарөндірушілердің табыстарын қолдаудың негізгі функциясын дотациялық-компенсациялық механизммен бірге үйлестірген жөн.

Қазақстанда 2016 жылдан бастап дайындаушы ұйымдарға астық, көкөністер өндіріп, оны қайта өңдеуге өткізетін ауылшаруашылық тауарөндірушілерге арналған ауыл шаруашылығын субсидиялаудың жаңа түрі - белгілі бір дотациялар қолданылатын болады. Қазіргі уақытта ауылшаруашылық өнімдердің 77%-ын өндіретін ұсақ шаруашылықтар ҚҚС төлемейтін болғандықтан, барлық салық жүктемесін қайта өңдеуші кәсіпорындар көтеруде. Одан соңғы өнімнің бағасы қымбаттап, оның бәсекеге қабілеттілігі төмендеуде. Ал ДСҰ-нда өнімнің сапасы мен оның бәсекеге қабілеттілігі өте маңызды рөл атқаратындықтан, нақты соңғы нәтижеге байланыстырылған субсидия түрін жүзеге асыру арқылы ұсақ шаруаларға қолдау көрсетуді дамыту қажет.

Қазақстан фермерлер Одағының басшысы А. Дариновтың пікірінше, «КазАгро» бөлетін мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау-дотациялар да ірі кәсіпорындар, монополистердің қолдарына ғана жетіп отыр, ал шағын және орта бизнеске шамамен гектарына 2-3 доллар шамасындағы қаражат келеді. Сондықтан, ауылшаруашылық өнімдердің 77%-ын өндіретін ұсақ тауарлы шаруашылықтарға қолдау көрсетілмейтін болса, олар сапалы, бағасы қымбат емес тауарларды өндіре алмайды. Азық-түлік өнімдері бағаларының құрылымдағы фермерлердің үлесі 20%-дан аспайды, қалған үлес салықтар, тасымалдау шығындары, арадағы сауда делдалдарының пайдасы. Іс жүзінде астықтарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде тікелей ауылшаруашылық тауарөндірушілерден емес, арадағы делдалдардан сатып алу секілді кері жағдайлар орын алады. Сондықтан, кепілдендірілген сатып алу бағаларын орнату түріндегі мемлекеттік қолдауды ауылшаруашылық тауарөндірушілер толық көріп отырған жоқ.

Негізінен, нарықтық бағалар тербелісінің төменгі шегі ретінде кепілдендірілген сатып алу бағаларын қолдану негізгі көтерме сатып алушылардың ауылшаруашылық шикізатын сатып алу көлемдерін ұлғайту бойынша қызығушылықтарының өсуіне кедергі болмауы ке-

рек. Осыған байланысты, кепілдендірілген бағалардың деңгейін қайта өңдеу тиімділігіне тәуелді ете отырып анықтау ұсынылады. Оларды сатып алу дайындаушы және қайта өңдеу кәсіпорындарына несиелік ресурстарды беру арқылы контракциялық келісімдер (маркетингтік келісімдер) бойынша жүзеге асыру мақсатқа сай келеді.

4.3. Кепілзаттық бағалар. Кепілзаттық операциялар жүйесі, көбіне, астық, техникалық дақылдар бойынша келесі қызметтерді қамтамасыз ету үшін қолданылады: өнімдерін өткізуін; кепілзат мерзімі өткеннен кейін минималды табыс алу мүмкіндігін; өсірілген немесе алда өсірілетін астықты сақтауға алып, соның кепілзаты арқылы ауылшаруашылық тауарөндірушілердің пайызсыз несие алуын.

Қазақстанда сыртқы не ішкі кері факторларға қарамастан, жаңартылып және толықтырылып отыратын мемлекеттік азық-түлік резерві бар. Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуден кейінгі мақсаты - ұлттық аграрлық нарықты тұрақтандыру және ондағы тауарлық артықтардан жеңілдету мақсатында еркін нарықтық бағаларды конъюктуралық төмендетуден қорғау.

Белгілі бір квота аясындағы өнімнің кепілзаттық мөлшерлемелерін кепілдендірілген бағалар деңгейінде не олардан 5-10% төмен деңгейде қойған дұрыс. Сонымен қатар, кепілзат ұстаушы кепілзаттың мерзіміне қарай өнімді сақтағаны үшін төлемдердің минималды мөлшерлемелерін алады.

Кепілзат ретінде алынған астық мемлекеттік тауарлық интервенцияларды жүзеге асыру үшін қолданылады.

4.4. Интервенциондық (тұрақтандырушы) бағалар — бағалар мен фермерлер табыстарының шектен тыс тербелісінің алдын алу және өндіріс тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында келесі интервенцияларды жүзеге асыруы керек:

4.4.1. Сатып алу интервенциялары – сатып алу интервенциялары жүзеге асатын бағалардың минималды деңгейі және ол тоқтатылатын бағалар деңгейі аралығында болады. Олар нарықтық бағалар минималды деңгейден төмен болған жағдайда, сонымен қатар, аграрлық өндірістегі тауарөндірушінің өніміне сұраныс тым қысқарып кеткен жағдайда белгілі бір тауар өндірісін қолдау, ауылшаруашылық нарықтардың конъюктурасын тұрақтандыру мақсатында қолданылады. Олардың деңгейі кепілдендірілген бағалар деңгейінен 10-20% төмен болуы керек. Сатып алу интервенциялары ауылшаруашылық өнімдер, шикізат, азық-түліктерді сатып алып, сонымен қатар, кепілзаттық операциялар жүзеге асатындықтан, нарықта ұсыныс қысқарып, нарықтық баға тұрақтандырылады.

4.4.2. Тауарлық интервенциялар – тауарлық интервенцияны жүзеге асыру басталатын бағалардың максималды жоғары деңгейі және ол тоқтатылатын бағалар деңгейі аралығында болады. Мұндай механизм ауылшаруашылық өнімдер нарығын реттеу кезінде Еуропалық экономикалық қоғамда көбірек қолданылады. Қытайда тауарлық интервенциялар бойынша сұраныс пен ұсынысты реттеу жолы ретінде ауылшаруашылық өнімдердің резервтері қолданылады.

Қазақстанда азық-түлік тауарлардың өңірлік тұрақтандыру қорын уақтылы және сапалы қалыптастыру мен пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын комиссия бағалар деңгейі көтеріліп, агроөнеркәсіптік нарыққа реттеушілік ықпал ету қажеттігі туындаған кезде егістіктер, болжанған түсімділік, өткен календарлы жылдағы қалыптасқан бағалар және басқа мәліметтер негізінде азық-түлік тауарларының тізімін, көлемін, олар бойынша тіркелген бағаларды анықтап, облыс әкіміне тауарлық интервенцияларды жүзеге асыру туралы ұсыныс түсіреді. Тұрақтандырушы қорларды құру кезінде ауылшаруашылық өнімдер тек отандық тауарөндірушілерден сатып алынады.

Алдын ала жоспарланған азық-түлік тауарларының кепілдендірілген көлемін сатып алу, сонымен қатар, азық-түлік тауарларын өндірумен байланысты шығындарын уақтылы қаржыландару арқылы отандық тауарөндірушілерді қолдау мақсатында азық-түлік тауарларын сатып алудың фьючерстік және форвардтік келісім-шарттарды жасауға жол беріледі.

Егер нарықтық бағалардың деңгейі нарықтағы ауылшаруашылық өнімдерінің дефициті салдарынан нарықтағы олардың тербелісінің максималды деңгейінен көтерілген болса (тым жоғары болса), мемлекет алдында жинақталған қорлардан өнім, шикізат, азық-түлікті өткізу бағалары бойынша сата бастайды. Өспелі жиынтық ұсыныс бағалардың бұрынғы деңгейге дейін түсуіне алып келеді. Нәтижесінде нарықтағы жағдай тұрақтандырылып, бағалар мен тауарөндірушілердің тербелісі қысқарады.

Азық түлік нарығындағы интервенциялық операциялар бағалық конъюктураны тұрақтандыруға, бағалардың маусымдық тербелістерін тегістеуге, сонымен қатар, шамадан тыс немесе жеткіліксіз ұсыныспен байланысты өткір қарғулардың алдын алуға мүмкіндік береді. Интервенциялық бағалар ауыл шаруашылығын бюджеттік қолдаудың нысаны болып табылмайды. Интервенциялық қызметтің ерекшелігі: нарықтық жағдайға уақтылы, оған жауап қату - үздіксіз, талдаулар – жедел, шешімдер – нақты болуы [6].

Жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік қорға сатып алу интервенцияларын жүзеге

асырған кезде делдалдардан емес, ауылшаруашылық тауарөндірушілерінен сатып алған кезде экономикалық тиімділікке ие болады.

Ауылшаруашылық өнімдердің қазіргі баға механизмін талдау оның тиімділігінің төмендігін, аграрлық өндірісті тұрақтандыру шарттарын қамтамасыз ете алмайтындығын көрсетті. Көптеген ауылшаруашылық өнім бағаларының деңгейі ұдайы өндіріс емес, қарапайым шаруашылық жүргізу үшін де шығындарды жабаалмаған, яғни кепілдендірілген бағалар жүйесі жұмыс істеген жоқ.

Фермерлер баға құру мақсаттарын анықтап алған соң, сол мақсатқа лайықты баға құру стратегиясын таңдап, нарықтағы өзгерістерге қарай икемді қызмет етулері керек. Ауылшаруашылық өнімге баға құру АӨК соңғы өнімін қалыптастыру біртұтас үдерісінің кезеңі болып табылады, демек, оның тиімділігі соңғы нәтижеге тікелей байланысты болып, ал нарықтық бағаларды реттеу жалпы АӨК қалыпты жұмыс істеу шарттарын қамтамасыз етуді есепке алуы керек.

Республикадағы жүзеге асып жатқан реформалардың оң нәтижелі болуы баға құру механизмдерінің қаншалықты сәтті жүзеге асып жатқандығына тікелей байланысты. Баға механизмін құрудың негізгі принциптерін анықтау кезінде, ең біріншіден, АӨК-нің көпжақты өндірістік-экономикалық байланыстары бар, қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің 6,5% тиесілі, күрделі көпсалалы жүйе екендігінен шығу керек. Оның шекарасынан тыс, не оның ішіндегі үдерістер, тамақ өнімдерінің және ауылшаруашылық шикізатының өндіріс үдерістеріне, оларды өткізуге және тұтынуға ықпал етеді. Сондықтан, мемлекет ауылшаруашылық тауарөндірушілерге баға құруды реттеу кезінде жетілген бәсекенің шарттарын (кәсіпорындар арасындағы өзара қарым-қатынастар), жекелеген тұтынушылардың қызығушылықтарын (кәсіпорындар мен тұтынушылар арасындағы қарым-қатынастар), жалпы қоғамның қызығушалықтарын (кәсіпорындар мен қоғам арасындағы қарым-қатынастар), сонымен қатар, тауарөндірушілер жоғары сападағы барынша арзан өнім өндіруге қызығушылық танытып, делдалдар – қайта өңдеу салалары мен саудада кәсіпкерлер тауардың бағасын қазіргі кездегідей көтеріп емес, төмендету есебінен пайда көлемін өсіруге ынталы болатындай бәсекеге оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етуді назарда ұстауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Дубровская Э.В., Риженко Е.Т., Абиенова А.М., Сагандыкова Ж.Б., Балгужинова Ж.Е. Технология производства продуктов переработки зерна. - Учебное пособие. - Астана: Фолиант, 2008 – 304 с.

